



## Солтүстік Уаздағы тиімді жоба

2017 жыдың қыркүйек айында, сонымен қатар 2018 жылдың қаңтар айында «Солтүстік Уаз» кен орнында екі бағалаушылық ұңғы (№№ У-23, У-26) қазылған болатын. Аталған ұңғыларда жер астының төрт қабатында зерттеу жұмыстары өткізілді, қорытындысы бойынша үш қабатынан мұнай ағыны байқалды. Сол кезде қорға алуға арнайы рұқсаты болмаған соң бұл бағалау-барлау ұңғылары сумен тұншықтырылып, тыныштық күйде жабық тұрды.

2018 жылдың 26 қазанында өткен Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің пайдалы жер қазбаларын барлау және игеру жөніндегі орталық комиссия мәжілісінің шешімі бойынша «2018- 2020 жылдары Солтүстік Уаз кен орнын сынама пайдалану жобасы» мақұлданды.

Қазіргі таңда әлемдегі барлық мұнай және газ өндіру мекемелерде, ілеспе газды пайдаға асыру жолдары өз қиындықтарын туғызып отыр. Осыған орай, «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы «Солтүстік Уаз кен орнын уақытша пайдалану кезінде ілеспе газды өңдеу» бағдарламасын жетілдіріп және Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің жұмыс тобына ұсынып, содан соң 2018 жылдың қараша айының 30-шы жұлдызында қабылданды.

«2018- 2020 жылдары Солтүстік Уаз кен орнын сынама пайдалану жобасы» қысқа мерзімнің ішінде дайындалды. Кеңінен тоқталатын болсақ, 2018 жылдың аяғында басқармада ауқымды техникалық кеңес өткізіліп, соның қорытындысымен біраз

шешімдер шығарылды. Жасақталған іс-шаралар жоспары мен сызылған сұлбасына сай жұмыстары 2019 жыл басталысымен мамандардың өз күшімен жүргізіліп те кетті.

Бүгінгі күнге дейін жасалынған жұмыстардың арқасында, Солтүстік Уаз кен алаңынан шағын мұнай жинақтау пункті іске қосылды. Кен алаңы Уаз орталығынан шалғайда орналасқанын ескере отырып, ол жерде жалғанатын ешқандай тоқ көзінің жоқ болуына байланысты, ең алдымен, міндетті түрде дизель-электр стансасын және ұңғылардың өнімін алу үшін арнайы тербелмелі қондырғылар орнатылды. Кен алаңын игеруге және өндірілген мұнайды есепке алу мақсатында топтық өлшегіш қондырғысының, жалпы сұйықтыққа арналған мұнай-газ айырғыш пен сыйымдылық қазан жеткізілді. Сондай-ақ, ілеспе газды жағу мақсатында арнайы алау қондырылды. Еңбек ететін жұмысшылардың тамақтанатын, демалатын және қажетті жұмыс орнымен қамтамасыз ету мақсатында жылжымалы оператор вагонымен жабдықталып, оның ішіне байланыс құрылғысы (рация) да орнатылды.

Осы аталған жобаның мақсаты – мұнай, газ өндіру және ілеспе газды сұйылту. Солтүстік Уаз кен алаңындағы екі ұңғыны (бағалау-барлау ұңғылары) қолданыстағы қорға алып, қазіргі таңда бұл кен орынның алғашқы мұнайы сыйымдылықтарға жиналып, арнайы автошандар арқылы Уаз кен алаңы басына тасымалдануда. Себебі, басқарма бойынша ақпан айынан бастап мұнай өндіру мен тапсыру көрсеткіштері жоспарланып тұр.

- 2019 жылы бұрғылау жоспарында тағы екі ұңғы бар. Жалпы, болашақта бұл кен алаңда аумақтық жоспар көзделіп, алдағы уақытта режимге келтіру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырмыз.

Қазіргі таңда Солтүстік Уаз кен алаңы басында бір ауысымда екі мұнай-газ өндіру операторы кезекпен жұмыс жасауда. Аталған кен алаңы жаңадан ғана іске қосылуына байланысты әзірге штат мәселесі шешілмегендіктен, басқармадағы басқа цех-бөлімшелерден уақытша өз келісімдерімен жұмысшыларды ауыстырып еңбекке тартып отырмыз, - деп түсіндірді басқарманың бас инженері Нұрлыбек Мұханов.



### Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

## «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Сауықтыруға 10 қадам» бастамасы

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

### 5 ҚАДАМ. Ішімдіктен бас тарту

Бүкіл дүниежүзінде жыл сайын ішімдікке салынудан 3,3 миллион өлім тіркеледі, бұл барлық өлім көрсеткішінің 5,9%-ын құрайды. 20-39 жас аралығындағы адамдардың арасында өлім жағдайларының 25% ішімдікпен байланысты.

Алкогольді шектен тыс қабылдау ми жұмысын бұзады. Бұл көңіл-күйдің, өзін-өзі ұстаудың, координация мен ойлау қабілетінің ауыртпалықтарына

алып келеді. Сонымен қоса, алкоголь жүрек, бауыр және ұйқы безінің сырқаттарын туғызады, иммунды жүйені әлсіретеді, қатерлі ісіктің даму қаупін үдетеді.

Ішімдікке салыну кешігулерге, өнеркәсіптегі жарақат жағдайларына, зорлық-зомбылыққа әкеп соқтырады.

Ішімдікке салынбау қажет, салауатты өмір салтын ұстану қажет және дұрыс тамақтануға көңіл бөліп, жүйелі түрде дене белсенділігін қолдау керек. Қажетті жағдайда мамандырылған емдеу мекемесіне қаралып, дәрігер кеңесін алған жөн.

(Жалғасы келесі сандарда)

### БҰЛ НӨМІРДЕН ОҚИ АЛАСЫЗДАР:



2018 жылы «Самұрық-Қазына» ӨАҚ»  
АҚ табысы 30% дейін ұлғайды  
2 бет



«Жайықмұнайгаздағы» тың жаңалықтар  
болашаққа деген сенімді арттырады  
3 бет



Ерлік ешқашан ұмытылмайды  
4 бет



«Нұр Отан» партиясының 20 жылдығы:  
жасампаздық және әлеуметтік даму кезеңі  
7 бет



Самұрық Аруы

Конкурс красоты «Самұрық Аруы-2019»  
8 бет





## Бас компаниялар жаңалықтары

# 2018 жылы «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ табысы 30% дейін ұлғайды

«Самұрық-Қазына» АҚ-да 2018 жылғы жұмыстың қорытындысы бойынша жиналыс өтті. Оған ірі қоржындық компаниялардың басшылары қатысты.

«Бірінші кезекте өткен жылдың қорытындысы бойынша негізгі қаржылық көрсеткіштердің өсімін атап өткім келеді. Негізгі қызметтен түскен табыс көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 31% артып, 8,3 трлн теңгеден асып жығылды. Таза кіріс 37%-ға немесе 821 млрд теңгеге дейін ұлғайса, операциялық кіріс 1 трлн теңгеден асты. Қордың табысы 30% дейін артты, - деп атап өтті «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов.

Жекешелендірудің кешенді бағдарламасы аясында құны 230 млрд теңгеден асатын 31 актив сатылды. Қазатомөнеркәсіп акцияларының халықаралық IPO-ға шығарылуы өткен жылғы маңызды оқиғалардың біріне айналды. Оның арқасында тартылған 451 млн АҚШ доллары көлеміндегі қаржы толығымен еліміздің Ұлттық қорына бағытталды.

Жоспар бойынша 2019 жылы Қордың екі ірі компаниясы – Қазактелеком және Эйр Астана IPO-ға шығарылады.

Еншілес компаниялардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. Бұл Қор тобының қарызын 1 трлн теңгеге азайтуға мүмкіндік берді. Өз кезегінде сыртқы қарыз көлемі 3,2 млрд АҚШ долларына төмендетілді. Мерзімі өтіп кеткен дебиторлық қарыз көлемі 331 млрд теңгеден 66 млрд теңгеге дейін немесе 80% төмендетілді.

Жаңа технологияларды ендіру бағдарламасы қайта қарастырылып, оның экономикалық әсері 42 млрд теңгені құрады.

2018 жылдың қорытындысы бойынша, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ 1,6 млрд АҚШ долларын құрайтын еурооблигацияларды өтеді және 3,2 млрд АҚШ доллары сомасын құрайтын міндеттемелерді басқару жөніндегі мәмілені сәтті жүргізді.



«Самұрық-Энерго» АҚ қарызын 50 млрд теңгеге дейін азайту арқылы өз көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартты.

Kcell компаниясының 75% акциясын сатып алу туралы мәміле жарияланғаннан кейін бұл Казактелеком акциялары құнының 10-15%-ға артуына ықпал етті. Үш мұнай өңдеу зауытын жаңғырту жұмыстарының аяқталуы К-4 және К-5 стандартындағы жоғары сапалы мұнай өнімдеріне деген ішкі нарықтағы сұранысты толық өтеуге мүмкіндік берді.

«Өткен жылдың қорытындысы жаңа жылдағы басқа да өзекті мәселелерді шешуге жақсы негіз болды. Ал биылғы міндеттер өте күрделі. Қордың жаңа Стратегиясын іске асыру мақсатында біздің бірлескен күш-жігеріміз өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, компаниялардың қаржылық тұрақтылығын нығайту, сондай-ақ жекешелендіру, трансформациялау және цифрландыру бағдарламасын іске асыру бойынша негізгі міндеттерді шешуге бағытталатын болады. Біз Мемлекет басшысының Қордың алдына қойған тапсырмаларын сапалы орындауға жауаптымыз», - деп қорытындылады өз сөзін Ахметжан Есімов.

Қордың операциялық қызмет жөніндегі басқарушы директор Әлішер Пірметов жиналыстан кейін ұйымдастырылған баспасөз маслихатында Даму стратегиясының және сатып алу жүйесін жетілдірудің жаңа тәсілдеріне тоқталды.

«Қордың 2028 жылға дейінгі Жаңа Стратегияға сәйкес Қор 2024 жылға дейін жекешелендіруден түсетін қаржыны қайта инвестициялауға және ел ішінде де, шет елде де тиімді инвестициялық портфельді құруға баса назар аударады. Ұзақмерзімді басымдықта «Самұрық-Қазына» АҚ 2028 жылға дейін Қордың әртараптандырылған инвестициялар портфелін белсенді және тиімді басқару моделіне толық көшуге баса назар аударады», - деп тілге тиек етті Әлішер Пірметов.

Сонымен қатар Әлішер Хабиболлаұлы сатып алу жүйесін жетілдіру бойынша кешенді жұмыстың оң нәтижелеріне тоқталды. Бұл 121 млрд теңгеден астам қаржыны үнемдеуге мүмкіндік берді және жаңа жұмыс орындарын құру арқылы Қазақстанда теңдесі жоқ өндірісті іске қосуға себеп болды. Бұдан басқа Елбасының шағын және орта бизнесті қолдауға арналған тапсырмаларын орындау шеңберінде холдинг ішіндегі сатып алулар 10 есе қысқартылды. Бұл 309 миллиард теңгеден астам қаржыны бәсекелі сатып алу ортасына бағыттаумен қатар Қор тобының сатып алу жүйесіне 8 мың кәсіпкерлік субъектінің қатысуына мүмкіндік берді. Қордың компаниялары 22 млрд теңгені үнемдеді.

Экономиканың өңдеу секторларын қолдау аясында 2018 жылы ҚР-да теңдесі жоқ жаңа өндірістерді дамытатын отандық кәсіпорындар үшін ұзақ мерзімді тапсырысқа кепілдік беретін бірегей «оффтейк-шарттар» механизмі енгізілді. Жалпы сомасы 4 миллиард теңгені құрайтын алғашқы оффтейк-шарттар жасалды. Бұл бастамалардың іске асырылуы бизнестің жаңа өндірістерді құру, жұмыс орындарының санын ұлғайту бағытындағы инвестициялық белсенділігін ынталандырады және бюджетке түсетін салық көлемін ұлғайтады.

## «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы Әзірбайжанның SOCAR мемлекеттік мұнай-газ компаниясымен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ ҰК) Басқарма Төрағасы Алик Айдарбаев Баку қаласында Әзірбайжанның SOCAR мұнайгаз компаниясының президенті Ровнаг Абдуллаевпен кездесті. Сондай-ақ Бакудегі қазақстандық делегацияның құрамында ҚМГ ҰК басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервистері жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев, «Қазтрансойл» АҚ бас директоры Димаш Досанов, «Қазақтеңізкөлікфлоты» Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» ЖШС бас директоры Марат Орманов болды. Мұнайгаз саласының барлық сегментіндегі ынтымақтастық перспективалары талқыланды. SOCAR және

ҚМГ ҰК басшылары өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Меморандум компаниялар арасындағы ынтымақтастықтың үлкен мүмкіндіктерін, соның ішінде – Каспийде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу саласындағы, атап айтқанда көмірсутек шикізатын барлау бойынша геологиялық-геофизикалық материалдарды бірлесіп зерттеу, сондай-ақ мұнай және мұнай өнімдерінің логистикасы, трейдингі саласындағы перспективаларды көздейді. Меморандумда ынтымақтастықтың бірінші нақты жобасы ретінде ҚМГ ҰК-ға тиесілі суда жүзетін «Сәтті» бұрғылау қондырғысын Бакуге тасымалдау және оның кейінгі жаңғыртуы қарастырылған. Қондырғы Каспий теңізінің әзірбайжандық секторындағы SOCAR жобаларында бұрғылау жұмыстары кезінде пайдаланылады деп жоспарланады.

Кездесу аясында SOCAR Маркетинг және экономикалық операциялар басқармасы және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТҚКК» ЖШС арасында көмірсутекті тасымалдау саласындағы ынтымақтастық жөнінде ниет білдіру туралы хаттамаға қол қойылды.

Ресми кездесуден кейін қонақтар SOCAR бас офисіндегі интерактивті көрмемен танысты. Көрме



Әзірбайжандағы мұнай өнеркәсібі тарихынан, осы саланың табысты дамуы кезеңдерінен сыр шертеді.

### Анықтама

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ – көмірсутектерді барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау бойынша қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ акцияларының 90,42%-ы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға және 9,58%-ы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне тиесілі.





## Ембілік жобалар

# «Жайықмұнайгаздағы» тың жаңалықтар болашаққа деген сенімді арттырады

Газетіміздің осы нөмірінен бастап өндіріс тынысын көрсету, жаңалықтарынан хабардар ету мақсатында Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен сұхбатты жариялады бастадық. Алғашқы сұхбаттасушымыз – Еділ-Жайық қс өзен арасында тамырын тереңге жайған, жарты ғасырдан астам тарихы бар «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының басшысы Амангелді Тасқынбайұлы СҮЛЕЙМЕНОВ.

**- Амангелді Тасқынбайұлы, басқарманың өткен жылғы қорытындысы туралы айтып өтсеңіз.**

- «Жайықмұнайгаз» басқармасы – қазыналы қара шаңырақ Ембі мұнайының 32,3 пайыздан астамын өндіріп келе жатқан Исатай ауданындағы іргелі өндіріс орны.

Кезінде бұл аймақтағы мұнай қоры 70,2 млн. тонна шамасында деп жобаланса, сонау елу жылға жуық уақыт ішінде басқарма бойынша болжанған қордың 82,2 % пайызға жуығы игеріліп 57,7 млн. тонна мұнай ел игілігіне жаратылды. Қалған қор – 12,4 млн тонна.

Басқарма бойынша 2018 жылы 944 063 тонна мұнай өндіру жоспарланып, жоспардан 90 тоннаға артық - 944 153 тн мұнай өндірілді. Тапсырылған мұнай көлемі 935 385 тн. болды. Ал, жоспар 933 955 тн еді. Яғни, бұл бағытта да жоспарды аса орындадық. Тапсырылатын мұнайдың сапасы толықтай I топпен өткізілуде.

2018 жылы басқарма кен орындарында 4 792,385 мың текше метр су айдау жоспарланып, нақты жылдың қорытындысымен су айдау көрсеткіші 100% орындалды. Сонымен қатар, 2018 жылға кен орындар бойынша 30 025,946 мың текше метр ілеспе газ өндіру жоспарланып, нақты 30 035,023 мың текше метр ілеспе газ өндірілді. Оның ішінде 880 000 текше метр ілеспе газ газ дайындау қондырғысында дайындалып, тауарлы газ тұтынушы сырт мекемеге берілді.

**- «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының көп жылдардан бері ең өзекті мәселесі өндірісішілік, өндірісаралық автокөлік жолдары болатын. Осы бағыттағы қолға алынған шаралар қандай?**

- Иә, бұл мәселе тек 2012 жылдан бастап өз шешімін таба бастады. Басқарманың ең негізгі өндіріс орны болып жарты ғасыр тарихы бар С.Балғымбаев кен орны табылады. Аққыстау селосынан С.Балғымбаев кен орнына баратын жол Исатай аудандық тұғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің есебінде болғандықтан, 2012-2013 жылдары демеушілік есеппен (951 496 мың теңге) 12 км жол қайтадан жаңғыртудан өткізілді.

2014-2015 жылдары С.Балғымбаев-О.Б.Қамысты кен орындары аралығындағы 17,54 шақырым автокөлік жолына 1030 405 мың теңге қаржы жұмсалып, қайтадан жаңғыртылды. Ал, 2016-2017 жылдары О.Б.Қамысты-Оңт. Шығыс Новобогат автокөлік жолы (11,57 шақырым) Лиман Блогіне (3,197 шақырым) дейінгі кірме жолымен қоса, барлық ұзындығы 14,573 км салынып іске қосылды. Аталған жол құрылысына 1 294 002 мың теңге қаржы жұмсалды.

2018 жылы 1 640 788 мың теңге қаржыға О.Б.Қамысты-Оңт.Шығыс Қамысты кен орындары аралығына ұзындығы 13,9 шақырым автокөлік жолы салынып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар, С.Балғымбаев кен орнының өндірісішілік автокөлік жолына жобалық-сметалық құжаттар жасақталып, 2019-2020 жылдары құрылыс жұмыстары жүргізіледі деп күтілуде.

«Оңт.Батыс Қамысты кенішілік автокөлік жолы», «Атырау-Астрахань тас жолынан Жаңаталап кен орнына дейінгі автокөлік жолы» нысандарының да жобалық-сметалық құжаттары жасақталып, бүгінгі таңда мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Сондай-ақ, Жаңаталап кен орнынан С.Балғымбаев кен орнына тікелей қатынау мақсатында және «Атырау-Астрахань» тас жолына жаңғырту жұмыстары атқарылған кезде кен

орнына жетуге қиындықтар туындамас үшін, Жаңаталап-С.Балғымбаев автокөлік жолын салу «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығының алдына мәселе етіп қойылды. Бұл жолдың да өз шешімі табылады деп сенеміз.

**- Сіз бұл басқармаға жаңадан басшылыққа келіп жатсыз. Алға қандай жоспарлар бар? Қандай өзгерістерді күтуге болады?**

- Ең алдымен, адамның өмірі компания үшін ең қымбат құндылық. Сондықтан компанияда еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздіктері талаптары, Еңбек кодексі, Азаматтық қорғау туралы заңдарына, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздіктері, қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес жұмыс жасау – басты талап болмақ. Сонымен қатар, бекітілген жоспарлар мен іс-шараларды орындау, өндірістік шығындарды азайту, өндіріске жаңа озық технологияны енгізу, пайдаланылатын тоқ көзін азайту бағытында шаралар жасақтап орындау, өндірілетін ілеспе газды залалсыздандыру және қызметкерлерді басқаруды оңтайландыру кәсіби біліктілігін арттыру бағытында, жас мамандарды жауапкершілігі жоғары жұмыстарға бағыттау шаралары басшылыққа алынатын болады.

Айтарлықтай өзгерістер жасаймын деп айтпайын, бірақ компаниямыздың қаржысын тиімді басқарып, үнемдеп, лифтинг шығындарының өзіндік меншікті құнын төмендету, басқарманың экономикалық көрсеткішін көтеруді, жоспарланған жұмыстарды уақытында кешіктірмей орындауды мақсат етіп отырмын.

**- Өткен жылдың қорытындысы бойынша «Жайықмұнайгаз» МГӨБ 1056 күн бойы жазатайым оқиғасын болдырмай, «Ембімұнайэнерго» басқармасынан кейін жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Табыстың сыры неде?**

- Бұған, алдымен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның өзіне қарасты компания жұмысшы-қызметкерлеріне қолайлы жұмыс жағдайын туғызғанынан қол жетіп отыр. Қауіпсіздік іс-қимылды бақылау қағидасы басқарма қызметкерлері мен жұмысшыларының жұмыс барысында негізгі әдістерін және іс-қимыл техникасын анықтайды, бақылауларды жүргізу тәртібін белгілейді. Жұмысшылар арасында қауіпсіздік мәдениетін арттыру құралы болып табылады. Жұмысшылардың қауіпті іс-әрекеттерін анықтауға, алдын алу және қайтара болдырмауға бағытталып, жүргізілген қауіпсіздік іс-қимылды бақылау қорпындылары бойынша деректерді жинап, талдап, тәртібін белгілейді. Басқарма бойынша 2018 жылы 1816 қауіпсіздік іс-қимылды бақылау жұмысы жүргізіліп, өндіріске қатынасты жазатайым оқиғаның алдын алуға зор себебін тигізді.

- 22 жаңа ұңғы бұрғылаудан іске қосып 36 579 тонна мұнай өндіру жоспарланған, нақты 22 ұңғы іске қосылып жоспарланған мұнай алынды;
- жоспардан тыс 2 ұңғы консервациядан іске қосылып 531 тонна мұнай өндірілді;
- 9 ұңғы әрекетсіздіктен іске қосылып одан 3 063 тонна мұнай өндірілді;
- 85 ұңғыда күрделі жөндеу жоспарланып, одан 25 464 тонна мұнай өндірілді;
- жоғары тиімділігін көрсеткен қабатты гидравликалық жару жұмыстары бойынша 9 ұңғыдан 10 988 тонна мұнай өндіру жоспарланса, бұл көрсеткіш бойынша нақты 13 542 тонна мұнай өндірілді;
- ұңғылардың нақты жөндеу аралық уақыты 327 тәулікті құрады, жоспарланған тәуліктен 42 тәулікке ұзарды. Бұл дегеніміз ұңғыларға жүргізілетін жөндеу жұмыстарының 42 тәулікке ұзарғандығын көрсетіп отыр.



**- Мұнай-газ өндіру басқармасында жүзеге асып жатқан жобалардың тиімділігі, соның ішінде, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу (ТОиР) жобасы жайында айтып кетсеңіз.**

- Иә, басқармада аталған жоба 2016 жылдан бастап енгізілді. Алғашқы жылы басқармадағы барлық құрал-жабдықтардың есебі түгенделіп, ақпарат жинау басталды. Бұл жүйе басталмастан бұрын басқарманың барлық инженер-техникалық қызметкерлері осы жүйе туралы ақпарат алып, оқытылды. 2017 жылдан бастап барлық жиналған ақпараттар SAP TOиР жүйесіне енгізіліп, тәжірибелік бағытта жұмыс бастады. Ал, 2018 жылдың қаңтар айынан бастап басқармада SAP TOиР жүйесі толықтай нақты уақытта жұмысын бастады.

**- Тиімділігі неде?**

- Қазіргі кезде басқармадағы барлық цех, учаскелер өздерінің күнделікті алдын ала жөндеуге (ППР- предупредительный ремонт) кететін материалдарын, тауарлы-материалдық сатып алу бюджеті бойынша келген құрал-жабдықтарын, қосалқы бөлшектерін осы SAP TOиР жүйесі арқылы алып, есептен шығаруда. Сонымен қатар басқармаға мердігер мекемелердің құрал жабдықтарға көрсетілген қызмет түрлері туралы ақпараттар да ай соңында осы SAP TOиР жүйесіне енгізіліп отыр.

«Жайықмұнайгаз» басқармасы 2019 жылдан бастап ТМҚ сатып алу бюджетін жасақтау кезінде керекті материалдарды, қосалқы бөлшектерге деген сұраныстарын осы SAP TOиР жүйесі сүйене отырып жоспарлайды. Бұл жүйенің енгізілуінен өндірістегі құрал- жабдықтардың пайдалану мерзімін ұзартып, олардың үздіксіз жұмыс жасауына қажетті материалдар мен қосалқы бөлшектерді дұрыс жоспарлап, артық шығынсыз жұмыс жасаймыз деп үміттенеміз.

**- Басқарма бойынша мұнайшылардың жатақханасында орын тапшылығы мәселесі көтеріліп жүр. Бұл мәселені шешу үшін қандай шаралар жоспарланып отыр?**

- Бүгінгі күннің басты талабы өндірістік тапсырмаларды орындаумен қатар, еңбек адамына әлеуметтік-тұрмыстық жағдай туғызу болып табылатыны түсінікті. Жұмысшы-қызметкерлердің еңбегі, оларға әлеуметтік-тұрмыстық жағдай туғызу жайы акционерлік қоғам мен еңбек ұжымы арасында жасалған ұжымдық шарт негізінде реттеліп отырылады. Басқарманың кен орындарында типтік жобамен салынған 12 жатақхана мұнайшыларға барынша сапалы қызмет көрсетуде.

Еңбек жағдайын жақсарту, жатақхана, асхана, жалпы алғанда жұмысшыларға жағдай туғызу мақсатында, қарапайым еңбек адамына бар мүмкіншілікті, алаңсыз еңбек етуге жағдай туғызатын мына біз топ менеджерлер, Компания басшылығы әлеуметтік салаға көңіл бөліп бар жағдайды туғызуымыз және оданда әрі қарай жақсарту жолында жұмыстар жалғаса береді.

Осы жағдайларға байланысты өндіріс орталығынан алшақтау жерге кешеді жатақхана қалашығын, яғни қазіргі заман талабына сай жатақхана салып, жұмысшы қызметкерледі өндірістің кен орындарына бір жерден тасымалдау ойымызда. Бұл мәселе де Компания басшылығының, директорлар кеңесінде қаралып өз шешімін табады деп сенеміз.

**- Сұхбатыңызға рахмет!**





# Ерлік ешқашан ұмытылмайды



«Ембімұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен компанияның бас кеңсесінде Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 30 жыл толуына арналған жауынгер-интернационалистермен кездесу өтті.

Ауған соғысының өрті сөнгеніне ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, 9 жыл 10 айға созылған соғыс салған жара әлі де жазылар емес. Жалпы саны 620 мың Кеңес әскері Ауған жерінде бейбітшілік орнату үшін қатысып, 15 мыңға жуығы қаза тапты, 417 жауынгер із-түссіз жоғалды. Елімізден 22 мың отандасымыз аттанса, оның 800-ге жуығы құрбан болды.

Ал, Атырау жерінен 680 жауынгер аттанып, 14-і соғыс майданында қаза болды. 1-уі хабар-ошарсыз кетті. Сол кезде жастары небары 18-19 –да болса да, Отан алдындағы борышын өтер алдында берген антына адалдық танытқан қайсар азаматтар қатарында ембіліктер де бар. Шара майдан даласында қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алудан басталды.

Кездесу шарасының кіріспе сөзінде Баскарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Айболат ГАБДУЛЛИН қонақтарға қош келдіңіздер айта отырып, шараның көздеген мақсатына жан-жақты тоқталып өтті.

- Компанияның ұжымы Ұлы Отан Соғысының ардагерлерімен кездесуді дәстүрге айналдырған. Ал, бүгін біз Ауған соғысының ардагерлерімен кездесуді жөн санадық. Ауған соғысы туралы шынын айту керек, бүгінгі ұрпаққа жиі айтылмайды. Бүгінгі жастардың кейбірі бұл соғыс жөнінде толық білмеулері де мүмкін. Елдің ертеңі үшін болған соғыс ұмытылмау керек. Ол болашақ ұрпаққа міндетті түрде жетуі тиіс, - деп атап өтті өз сөзінде А.Габдуллин.

Қазіргі таңда Компанияның өндірістік-құрылымдық бөлімшелеріне қарасты басқармаларда Ауған

соғысына қатысқан 15 жауынгер еңбек етеді. Олар - Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның Ботахан автоклоннасының машинисі Рамазан Ержанғалиев, Шығыс Мақат цехының мұнай өндіру операторы Оңберген Көшекбаев, Доссор көлік колоннасының жүргізушісі Нұрлан Мәулімберлиев, Қошқар учаскесінің мұнай өндіру операторы Нұрлан Меңдібаев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның №4 мұнай-газ өндіру цехының сорап қондырғысының 4 разрядты машинисі Теміржан Қазыбаев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Құлсары арнаулы техника мен автокөлік колоннасының машинисі Бауыржан Сүйінғалиев, Құлсары мұнай дайындау және айдау цехының электр дәнекерлеушісі Мамбетнияз Бекниязов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Кенбай мұнай-газ өндіру цехының операторы Серікқали Тәңірбергенев, нысандарды ағымдағы жөндеу учаскесінің ағаш шебері Талғат Төлеушов, Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасының қойма шаруашылығының жүк ілдірушілері Бекболат Ермұханов және Қуанышбек Сәрсенғалиев, «Ембімұнайэнерго» басқармасының монтаждау электр монтері Қуат Кударов, өндірістік қызмет көрсету учаскесінің бақылау-өлшеу қондырғылары және автоматика бойынша темір шебері Сапарғали Мырзағалиев, электр-химиялық қорғаныс учаскесінің электр қондырғыларына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электр монтері Нух Шманов, қауіпсіздік қызметінің инспекторы Бейімбет Үлкенбаев.

Ал, үш жауынгер – Серікбай Текеев, Дүйсен Калипин, Сағындық Тағашев Ембі өндірісінде ұзақ жылдар еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан.

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ-да Кенбай мұнай-газ өндіру цехының слесарь-жөндеушісі қызметін атқарған Ерлан Мирғалиев 2015 жылдың жаз айында өмірден озған. Шараға майдангердің ұлы Амандық Мирғалиев арнайы шақырылды.

Кездесу барысында «Ауған соғысы ардагерлер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ғабиден Қайыржанов жас мамандарға ауған соғысы туралы қысқаша баяндап берді. Ғ.Қайыржановтың сөзін кездесуге келген өзге ауған жауынгерлері жалғастырып, 110 айға созылып, 22 мыңға жуық қазақстандық жас жігіттер қатысып, олардың бір мыңға жуығы құрбан болған Ауған соғысы туралы өз естеліктерімен бөлісті. Сонымен қатар, шарада жас мамандар осы соғыс туралы, жалпы, қазақстандық жастардың патриоттық тәрбиесі туралы өздерін қызықтырған, толғандырған сауалдарын ортаға салды. Қонақтар жастар тарапынан болған әр сауалға жан-жақты жауап берді.

Кездесу барысында ембілік жас мамандар майдангер ағаларына сұрақтарын қойып, сол сұрапыл оқиғаның бел ортасында болып, аман-есен елге оралған азаматтар естеліктерін айтты. Олардың естеліктерінен күні бүгінге дейін сол соғыс салған дертті ұмыта алмай жүргендері анық байқалды. Өйткені, олар өліммен тікелей кездесті. Оққа ұшып, жат жерде мерт болған талай майдандас достарын ақтық сапарына шығарып салды. Осы кездесуде олардың есімдерін, ерліктерін еске алып, кейінгі ұрпаққа жеткізді.

Сондай-ақ, шараға құрметті қонақ ретінде «Ауған соғысының атыраулық жауынгерлер шежіресі» кітабын құрастырушы, филология ғылымдарының кандидаты Айгүл Еркекова қатысты.

Осы кітапты шығару үшін 3 жылдау уақыт бойы облысымыздың әр ауылын аралап, әр жауынгердің үйіне барды. Тілdestі. Мәлімет жинады. Нәтижесінде, сапалы кітап шықты. Кездесу барысында Айгүл Еркекова қолда бар деректерін, зерттеулерін таныстырды.

Жиын соңында жас мамандар Ауған жауынгерлеріне сый-сияпаттар мен гүл шоқтарын ұсынды.





# Батырлар арамызда

немесе

## екі мәрте «Ерен ерлігі үшін» медалін алған С.Мырзағалиев туралы бір үзік сыр

*Ауған соғысының аяқталғанына биыл 30 жыл.*

110 айға ұласқан бұл соғыс кешегі Кеңестер Одағы Қарулы күштерінің Ауғанстан жеріне басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған еді. 1979 жылдың 27 - желтоқсанында кеңес әскерлері Ауғанстан шекарасынан өтіп, шет елдің аумағында 1989 жылдың 15 ақпанына дейін соғыс қимылдарын жүргізді. Бұл соғыста қазақстандықтардың да үлесі зор болды. Тарихи деректерге назар аударсақ, ауған соғысына 22 мың қазақстандық қатысып, олардың 761-і құрбан болса, 21-і хабар-ошарсыз кеткен. Ал, 19 мыңға жуық жауынгер елге аман-есен оралған. Ауған жерінің дәмін татып, соғыстың бел ортасынан елге оралған жауынгердің бірі – Сапарғали Мырзағалиев.

Сапарғали Дүйсенұлы 1980 жылы Атырау қаласындағы Серго Орджоникидзе атындағы №12 сегіз жылдық мектепті аяқтап, Гурьев политехникалық техникумға оқуға түседі. Техникумды аяқтап, өндірісте еңбек жолын бастаған жас жігіт 1984 жылдың 5-мамырында әскер қатарына шақырылады. Атыраудан 35 жігіт сол жылдың шілде айында Грузия елінде әскери дайындықтан өтеді. 5 ай бойы болған әскери жаттығудан соң әрі қарай Бакуге жол тартады. Паром арқылы Түркіменстанның Красноводск қаласы арқылы жүк самолетімен Ауғанстанның Кандагар қаласына келеді. Міне, осылай оның жауынгерлік өмірі оқ пен оттың ортасында басталып та кетеді. Қасында, негізінен, өзі сияқты өрімдей қазақ жігіттері. Өзге қазақ жігіттеріне қарағанда орыс тіліне жетік, еті тірі, пысық Сапарғали басшылық тарапынан тез назарға ілінеді. Берілген тапсырмаға мұқият қарайтын жігітті де көбінесе жауапты тапсырмаларды орындауға жіберетін. Әскерде аға барлаушы, пулеметчик міндетін атқарады.

Бірде взвод командирінен арнайы тапсырма алып, әскери машинамен келе жатқанда жаудың құрып қойған минасына түседі. Жеңіл жарақат алып, алайда, елге оралуға асықпай, әскери қызметін әрі қарай жалғастырады.

Барлауға жиі шығатын. 1985 жылдың жазында кезекті барлаудан келе жатқан Сапарғалидың взводы жаудың алдын ала құрып қойған қоршауына түсіп, дереу шабуылға кіріседі. Қардай бораған оқтан көз ашу мүмкін емес, взвод жігіттерін жау тобы

бірден қоршап алады. Сапарғали қасындағы Хадос есімді жігіт екеуі қоршаудан сытылып шығып, кері шегініп, тасаны паналап, жан-жақтарын бағдарлап, біраз жатады. Жау әскерінің жасырынған жерін дәл анықтап, жолдасы екеуі сол тұсқа оқ жаудырып, қоршаудағы взводуна жол ашады. Сөйтіп, әскерлер жау қоршауынан шығады. Рация арқылы тік ұшақ шақыртылып, жаудың тығылып жатқан жері сол бойда тас-талқан етіп жойылады. Осы қоршауда өз әскерлеріне жол ашқаны үшін Сапарғалидың шапшаң әскери қимылы жоғары бағаланып, бөлімше командирі етіп әскери шені жоғарылайды. Кейіннен, осы ерлігі үшін елге оралған соң, сол кездегі КСРО басшысы М.Горбачевтің Жарлығымен «Ерен ерлігі үшін» медалімен марапатталады (1986 жылдың 5-ақпанында). Сонымен қатар, кейіннен Сапарғалидың мекен-жайына Ауған халқының ыстық ықыласын білдірген Алғыс хат та келіп жетеді.

Сапарғалидың ауған жорығындағы екінші тағы бір ерен қимылы жаудың керуенін жою кезінде болды. Бөлімше командирі Сапарғалиға кезекті жауынгерлік тапсырма беріліп, оған жау керуенін жою тапсырылады. Сапарғали жолдастарымен бірге тікұшақ арқылы белгіленген жерге жетіп, жауға байқатпай орналасып алады. Міндеттері-әскерилердің «Зеленка» деп атап кеткен орманды жеріне душмандардың тау етегіндегі жол арқылы тасылатын қару-жарағын және халық арасында таратылатын үндеулерін жою. Осындай кезекті бақылау кезінде Сапарғали бастаған жігіттер душман жауынгерін қолға түсіреді. Душман жауынгерінің қолын байлап, қасына жауапты бір жауынгерді қалдырып, өздері әрі қарай бақылауға көшеді. Сол мезетте, душман оңтайлы сәтті пайдаланып, қашып кетеді. Тау етегінде қашып бара жатқан жау әскерін - тұтқындарын байқаған Сапарғали қолындағы пышағымен жаудың соңынан қуа жөнеледі. Алда жау, артты өзі. Арпалысқан сәт. Душманға 5-6 метр жер қалғанда көз ілеспес шапшаңдықпен секіріп, жауды астына ала құлайды. Сөйтіп, жауды қолға түсіреді. Осы ерлігі жоғары бағаланып, «Ерен ерлігі үшін» медалімен екінші мәрте марапатталады.

1985 жылдың жаз айының ортасы. Сапарғалидың барлау бөліміне тау етегімен жүретін жаудың



кезекті керуені жүретіні құпия түрде хабарланып, ұстау керектігі жөнінде тапсырма беріледі. Барлаушылар айтылған жерге ерте келіп, жасырын орналасып, жау керуенін күтіп жатады. Біраз уақыттан соң керуеннің қарасы да көрінді. Кезекті шабуыл басталып кетті. Жаудың мотоциклдері, кезекті үндеулерін қолға түсіреді. Жаудың қолды болған мотоциклдеріне отыра сала, жол бойымен өз әскерлеріне қарай құстай ұшады. Жастықтың әсері ғой, алдан жау шыға келеді-ау немесе минаға түсіп қалармыз деген қорқыныш та жоқ.

Сапарғали 1986 жылдың көктемінде әскери борышын толығымен өтеп, аман есен елге оралады. Әскерден келген соң, Алматы қаласындағы энергетика институтына оқуға түседі. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысып, тәртіпсіздік ұйымдастырды деген айып тағылып, сол үшін оқудан шығарылады. Өзіне тағылған айыптың жала екенін дәлелдеп, бірнеше жерге барады. Өзіне тағылған айыптан құтылады. Келесі жылы Алматы қаласындағы политехникалық институтқа оқуға түседі. Кейіннен Атырау политехникалық университетін де сырттай оқып шығады.

Бүгінгі біздің бас кейіпкеріміз Мырзағалиев Сапарғали Дүйсенұлы қазіргі таңда «Ембімұнай-энерго» басқармасының өндірістік қызмет көрсету учаскесінің бақылау-өлшеу қондырғылары және автоматика бойынша темір шебері болып еңбек етуде.

1986 жылы екі мәрте «Ерлігі үшін» медалінің, КСРО қарулы күштеріне 70 жыл», «Ауғанстандағы соғыс іс-қимылдарының аяқталғанына 15, 20, 25 жылдығы» медальдарының иегері Сапарғали Мырзағалиев өзі еңбек ететін ұжымның жастарымен болатын кездесулерде өмірінің сол бір сұрапыл сәттерін тебірене еске алады.

- Шынын айту керек, бүгінгі жастар бұл соғыс жөнінде толық біле бермейді. Ал, елдің ертеңі үшін болған Ауған соғысы, жауынгерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмауы керек. Ол болашақ ұрпаққа міндетті түрде жетуі тиіс деп есептеймін. Сол үшін де жастармен болатын кездесулерден қалмауға тырысамын. Өзінің жауынгерлік борышын өтеу жолында қаза болған жолдастарымның есімін осылай ертеңгі күнге жеткізсем деген ойдамын, - дейді Сапарғали Дүйсенұлы.







## Компания жаңалықтары

# «Нұр Отан» партиясының 20 жылдығы: жасампаздық және әлеуметтік даму кезеңі



Биылғы жыл – «Нұр Отан» партиясы үшін айрықша маңызды жыл. 2019 жылдың 1 наурызында партияға 20 жыл толмақ. Еліміздің басты партиялық – саяси күші ретінде «Нұр Отан» партиясы ел жағдайын тұрақтандыруға, Қазақстанды дамыту мен халықтың әл-ауқатын жақсарту жолындағы міндеттерді орындауға зор үлес қосып, елдің береке-бірлігінің артуына және саяси тұрақтылығын нығайтып, экономикалық реформалардың табысты іске асуына атсалысып келе жатқан бірден – бір саяси ұйым. Биыл құрылғанына 20 жыл толатын «Нұр Отан» партиясы осы уақыт ішінде шынығып, шыңдалып, халықпен тікелей жұмыс істеп, кезек күттірмей шешілуге тиіс мәселелерді үнемі назарда ұстап отыр. Атаулы датаға орай, «Ембімұнайгаз» АҚ бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен бас кеңсемізде жиын өтті.

- ЕМГ бастауыш партия ұйымының негізі 2010 жылы қаланды. Бүгінде компанияның бастауыш партия ұйымы – 280-ге жуық адамды біріктіретін саяси күш. Оның компания қызметкерлер арасындағы беделі жоғары, қуаты мықты. Партияның бастауыш ұйымдарының рөлін арттыру бағытындағы саясаты бұл іске жаңаша серпін

береді деп сенемін. 2015-2018 жылдар аралығында «Ембімұнайгаз» компаниясынан партия қатарына 170-ке жуық қызметкер алынды.

2015 жылдан бері ЕМГ бастауыш партия ұйымының бастамасымен 60-қа жуық мәдени-көпшілік, қайырымдылық шаралар ұйымдастырылды. Ең бастысы, ембілік «нұротандықтар» еңбек қауіпсіздігі мен жұмысшылардың саулығына, әлеуметтік жағдайларға басты көңіл аударып отырады. Өткен жылы өлім мен апаттық жағдайлар бойынша нөлдік көрсеткішке қол жеткізгенімізді мақтанышпен айтамыз. Мұндай нәтижеге компанияның барлық қызметкерінің біріккен және жүйелі еңбегінің арқасында қол жеткіздік, - деп атап өтті жиынға қатысқан Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары, «Нұр Отан» Атырау қалалық филиалы «Ембімұнайгаз» АҚ Орталық аппарат бастауыш партия ұйымының жетекшісі Айболат ГАБДУЛЛИН.

Бастауыш партия құрамындағы ембілік мұнайшылар Елбасы, Партия төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауларында айтылған тапсырмалар бойынша жұмыс шараларын белгілеп, жұмыс жасауда. Сондай-ақ, Президенттің 5 әлеуметтік бастамасы, Партияның әлеуметтік бағдарламаларын жүзеге асыру үрдісі да мұнайшылардың күнделікті өмірінде көрініс тауып отыр. Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің қызметкерлерді оқыту және дамыту бөлімінің кадрларды даярлау жөніндегі жетекші инженері Серік ШЫҒАНОВ «Нұр Отан» партиясы бастауыш ұйымының араласуымен компанияда ұйымдастырылып жатқан әлеуметтік шараларға тоқталды. Бұл орайда компанияда әлеуметтік бағдарламалар қабылданып, облыстағы әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылары мен мүмкіндігі шектеулі жандар бар отбасыларға, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне, қарттар

үйіне, ардагерлер қоғамына үнемі қайырымдылық шараларын өткізіліп келетінін жеткізді. Атап айтсақ, соғыс ардагерлеріне, мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді.

- Өткен жылы жас мамандар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Компанияның тарихи орындарына экспедиция, киелі жерлерге сенбіліктер ұйымдастырды. Мұның барлығы – біздің туған елге деген сүйіспеншілігімізді арттырып, патриоттығымызды нығайтып, алға жетелейтіні сөзсіз.

Біз Елбасымыздың саясатына үн қосуды, оның халықты рухани жаңғырту бағытындағы бағдарламасына, сондай-ақ, ел экономикасына арттыруға, Қазақстанды дамыған алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосуға негізделген барша стратегиялық бастамаларына қолдау көрсетуді азаматтық парыз санаймыз, - деп ойын түйді С.Шығанов.

Ал, өндірісті автоматтандыру және ақпараттық технологиялар департаментінің директоры Болат НСАНБАЕВ Ембіде жүзеге асып жатқан «Интеллектуалды кен алаңы» жобасын таныстырды. Айта кетейік, өткен жылы Елбасы, партия төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев Ембіде болып, аталған жобамен танысып, оң бағасын берген болатын.

Жиынға арнайы қатысқан аталған саяси ұйымның Атырау қалалық филиалы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Әділбек ТҰРДАЛИЕВ партияның 2030 жылға дейінгі Бағдарламасы жобасының негізгі ережелерін түсіндірді.

Жиын соңында қалалық филиалы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Ә.Тұрдалиев партияның бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған және азаматтық белсенділігі үшін «Доссормұнайгаз» МГӨБ есеп жүргізу бөлімінің басшысы Мәди Бексейітовті «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары М.Әшімбаевтің Алғыс хатымен марапаттады.

## Отдых от профсоюза

2018 год был успешным для АО «Эмбаунайгаз». Большой вклад в выполнение плана по добыче нефти компании внесли нефтяники НГДУ «Жылыоймунайгаз». Учитывая это обстоятельство,



профсоюзный комитет нефтедобывающего управления организовал для жылыойских нефтяников Эмбы недельную поездку в Объединенные Арабские Эмираты с оплатой 50% от стоимости путевки.

В ходе поездки нефтяники посетили города - Шарджу, Дубай и столицу Абу Даби, поучаствовали в сафари и экскурсионных поездках по достопримечательностям страны, где ознакомились с их архитектурой и историей. Большое впечатление на нас произвело посещение Персидского залива и Индийского океана.

Поездка удалась на славу и отдохнувшие нефтяники готовы с большим энтузиазмом трудиться на благо компании.

Мы благодарны профсоюзному комитету нефтегазодобывающего управления «Жылыоймунайгаз» и туристической компании за отлично организованный отдых. Желаем дальнейших успехов в работе!

Сауле ДАУТОВА, лаборант  
ППН Прорва НГДУ «Жылыоймунайгаз»

## Адал еңбектің жемісі

ЕМГ бас кеңсесінде әлеуметтік саясат және шаруашылықты қамту департаментінің аға маманы Амантай Дүйсеғалиевті құрметті демалысқа шығарып салуға арналған салтанатты шара өтті.

Амантай Абдрахманұлы мұнай-газ өндірісі саласында 37 жылдан астам уақыт еңбек етсе, оның 20 жылы «Ембімұнайгаз» өтті. «Гурьевмұнайгазгеология» бірлестігінен «Ембімұнайгаз» АҚ-на дейінгі аралықта бірнеше ұжымда қызмет етіп, өзіне тапсырылған міндеттерді үлкен жауапкершілікпен орындай білді.

Атап айтсақ, ембілік мұнайшылардың еңбек демалысын, мұнайшы балаларының жазғы демалысын, компания зейнеткерлерін жолдамамен қамтамасыз ету шарасын ұйымдастыруда, өндіріс орындарына қатынайтын тікұшақ қызметі мен мұнайшыларды несиімен қамтамасыз етуде оның кәсіби маман ретінде үлкен қолтаңбасы бар. Сонымен бірге, өндіріс алаңдарындағы мерекелік салтанатты шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылуына қосқан үлесін ембіліктер үлкен мақтанышпен айтады. Қарапайым, көпшілік, адами қасиеттерімен әріптестер арасында зор құрметке ие бола білді.

Мерейлі жас иесін құттықтауға Компания басшылығы, әріптестері жиналды.

- Компания тынысы үшін әлеуметтік сала үлкен маңызға ие. Себебі, мұнайшыларды жайлы орынмен, сапалы тағаммен қамтамасыз етуде аталған сала қызметкерлеріне жүктелер міндет зор. Амантай Абдрахманұлы осы салада бірнеше жылдар бойы адал еңбек етіп, абырой биігінен көрінді, кейінгі ізбасарларды тәрбиеледі, - деп атап өтті сал-

танатты жиынға қатысқан Компанияның Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ.

Жиын барысында мерейлі жас иесі Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі мен өндірісте қол жеткізген зор жетістіктері үшін Компания басшысының қолынан «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының Құрмет грамотасымен және Алғыс хатпен марапатталады.

Сондай-ақ, кеш иесін Басқарма төрағасының қаржы және экономика жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА, жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан НАҚПАЕВ, ЕМГ Орталық басқару аппараты кәсіподақ ұйымының төрағасы Болат НСАНБАЕВ, өндірістік құрылымдық бөлімшелердегі әлеуметтік саясат бөлімдерінің басшылары, Амантай Абдрахманұлымен бірнеше жыл бойы қызметтес болған мердігер мекемелер өкілдері құттықтап, жылы лебіздерін арнады.





## Ембінің мақтанышы

# Мұнайшы қыз - бірнеше тележобалардың кейіпкері

*Мамандықтың оңайы жоқ, әр кәсіптің өзіндік қиындығы бар. Былайғы жұрт мұнайшылық кәсіпті ер азаматтар ғана шыдамдылық танытатын ауыр кәсіп түріне жатқызады. Десек те, еліміздің мұнай-газ саласында ерлерден қалыспай, табысты еңбек етіп жүрген нәзік жандар қаншама! Солардың бірі - Ембі өндірісінде ұзақ жылдардан бері табысты еңбек етіп жүрген Майра Аманова.*

Ембі өндірісінде 30 жылға тарта тер төгіп жүрген темір жонушы, құрал-сайманшы Майра Тәжмұқанқызы өзінің дәл осы саланың маманы болғанын мақтан тұтады. Еңбегінің жемісін де көріп жүр. Ембі мұнайшы қыздарының арасынан алғашқы болып Елбасымен арнайы кездесу мәртебесіне ие болды. Елордада болған салтанатты шарада Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен әр салада табысты еңбек етіп жүрген қыз-келіншектер бас қосты. Әр қайсысы өздерінің отбасы тіршілігін күнделікті жұмыстарын сәтті ұштастырып отырғанын тебірене жеткізді. Тебіренбей ше, Елбасымен емен-жарқын әңгіме айтып сұхбаттасу – екінің бірінің маңдайына бұйырмайтын бақ. Сол сәттілік ембілік мұнайшы қыз Майраның бағына бұйырыпты.

Майра Аманова – еңбекте үздік болуымен қатар отбасында 4 бала тәрбиелеп отырған өнегелі ана. Өзі еңбек ететін «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында қоғамдық жұмыстардың бел ортасынан табылып та жүр. Оның спортқа деген қызығушылығы мектеп табалдырығынан басталған. Күні бүгінге дейін волейболды шебер ойнайтын Майра – «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы қыздар құрама командасының капитаны. Аудандық, облыстық, республикалық спорт сайыстарында шебер ойын көрсетіп жүрген талантты қыздарымыздың бірі.

«Темір жонушы әйел адамға қиын мамандық емес пе?» деген сауалға ол «мамандығына бар ынтаңмен кіріссең, кәсіптің қиыны жоқ» деп күле жауап береді.

- Қарапайым отбасында өстік. Үй шаруасының бәрімен айналыса беретінбіз. Жастайымнан қара шаруаға икемді болдым. Інім теміржонушылар дайындайтын кәсіптік-техникалық училищеге түсіп, аз уақытта темірден неше түрлі бұйым жасауды меңгеріп алды. Оның қолынан шыққан бұйымдарға қатты қызыға қараушы едім. Мектепті бітірген соң, өзім де сол темір жонушы мамандықты таңдадым. Гурьев (қазіргі Атырау) қаласындағы СПТУ-1 училищесін токарь мамандығы бойынша тәмамдадым. 1989 жылдан бері «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының құралдарды жөндеу және пайдалану қосалқы цехында теміржонушылықтан басталған еңбек жолым бүгінде құрал-сайманшылыққа жалғасты. Кәсібім бұрынғыша – темірден мұнай-газ саласына қажетті құрал-жабдықтар дайындау. 30 жылға тарта еңбек өтілімде талай белестерді бағындырдым. Абыройсыз емеспін. Мемлекет басшысымен болған кездесуім сәтті қадамдарымның бастауы іспеттес болды, - дейді Майра Аманова.

Шынында да, Елордада өткен сол бір кездесуден кейін Майра біраз жиындарға қатысты, талай жандармен кездесті. Қоғамдық ұйымдарға мүшелікке өтіп, қоғамдық жұмыстармен тығыз айналыса бастады. Атырау облыстық іскер әйелдер қауымдастығының мүшесі ретінде республикалық «Қазақстан» ұлттық телеарнасында тұрақты жүретін «Әйел бақыты» тележобасына шақырту алды. Танымал тележүргізуші Ләйла Сұлтанқызымен болған сұхбаты көрермендер тарапынан жылы қабылданды. Кейіннен темір жону кәсібін шебер меңгеріп, ауыр жұмысты еңсергені үшін «Астана» телеарнасының «Шын жүректен» тележобасының да кейіпкері болды. Астана қаласында өткен «Іскер әйелдер» республикалық Форумына облыстан барған делегация құрамында қатысып, Дариға Назарбаевамен кездесті.

Өткен жыл Майра үшін тағы бір сәтті оқиғасымен есте қалады. Атырау облысы бойынша ұйымдастырылған «Ауыл әйелдерінің 1-слетіне» қатысып, «Үздік мұнай саласының қызметкері» номинациясымен марапатталды.



## Депутаттар мұнайшылармен кездесті

Атырау облысына жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Жылыой облысындағы «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымымен кездесті.

Мұнайшылармен өткен кездесуді Жылыой ауданының әкімі Азамат Бекет ашып, депутаттардың ауданға келу мақсатын түсіндіріп өтті.

Мәжіліс депутаты, аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі Амангелді Дәуренбаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауында айтылған мәселелерге кеңінен тоқталды.

Ал, ҚР Мәжілісінің депутаты, заңнама және сот-реформа комитетінің мүшесі Асылбек Смағұлов еліміздегі донор өңірлер туралы мағлұмат берді. Олардың қатарында Атырау облысының, соның ішінде, Жылыой ауданының да бар екендігін айта келе, шағын және орта бизнесті дамыту керектігін жеткізді.

Мәжіліс депутаты Бақытгүл Хаменова мәжіліс қабырғасында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.







Ой бөліссек...

# Сіз кітап оқып жүрсіз бе?

Ақпараттық технологиялар дамып, кітаптың орнын ығыстырып жатыр деп жиі айтамыз. Кітап оқышылардың қатары азайып кетті, мүлдем кітап оқымайтын жастардың қатары өсіп келеді деп те жиі мәселе көтереміз. Дегенмен, көзмайын тауысып, уақытпен санаспай жата-жастана кітап оқитындар арамызда баршылық, әйтеуір, аз емес.

Қай заманда болмасын кітап өз құндылығын жоғалтпайды. Кітап оқу – өзінді-өзің тануға мүмкіндік беретін ең керемет құрал. Ол адамды көбірек ойлантуға жетелейді. Кітап дос, жұбатушы, тіпті басшылық қабілетті арттыратын тиімді құрал болып саналады. Олай болса, кітап күнделікті қолданыстан шығып қалады деген қауіпке орын жоқ сияқты.

Зерттеушілердің айтуы бойынша, кітап мүлдем оқылмайтын жерде тәрбие бұзылады деген пікірде үлкен мән бар. Мәселе отбасында жатыр. Кітап оқитын ата-ананың баласы да кітап құмар болып өседі.

Сол үшін балаларымызды кітап оқу мәдениетіне жастай баулуымыз керек.


Баланы кітап оқуға 4-6 жастан бастаған жөн. Әйтпесе, баланың кейін кітап оқуға деген ынтасы әлсірейді. 3-сыныпқа дейін оқи алмаған бала алдағы өмірінде кітап оқуды өмір бойы әдетке айналдыра алмайды.

Америка Құрама Штаттары кітаптанушылардың жүргізген зерттеуі бойынша, 10 жасқа дейін кітап оқуға дағдыланған баланың түрмеге түсуі, нашақорлықпен айналысуы секілді жағымсыз әдеттерге баруы екіталай деген қорытынды жасалған.

Кітап оқитын жандардың басым бөлігінің рухы мықты жандар болып келеді екен. Рухы мықты жандар кез келген қиындықты жеңе алады. Кітапқа жақын адамның жан-дүниесі таза болады.

Ендеше, кітаппен дос болғанға не жетсін!

Сіздің жанұяңызда кітап оқу мәдениеті қалыптасқан ба? Егер, сіздің отбасыңызда кітапқа деген қызығушылық жоғары болса, отбасылық дәстүрдің



қалыптасуы бойынша ой бөлісе отырыңыз. Ал, егер, үйіңізде бірде бір кітап болмаса, балаңыздың кітап оқуға деген ынтасы болмаса бұл олқылықтың орнын толтыруды дәл қазір бастағаныңыз жөн болар.

Жақсы кітап оқу ақылды адаммен сырласқанмен бірдей екенін қаперлеріңізге сала кеткен артық етпес.

## Конкурс!

### Дорогие коллеги!

Команда ЦСВК запускает конкурс красоты "Самұрық Аруы-2019". Приглашаем вас и ваших коллег к участию. Для этого нужно лишь ознакомиться с положением конкурса и заполнить онлайн заявку <https://sknews.kz/ru/konkurs>.

Поборются за корону первой красавицы могут все сотрудницы группы компаний Фонда. Конкурс пройдет на платформе информационного сайта [www.sknews.kz](http://www.sknews.kz) по 5 номинациям.

Прием заявок продлится включительно до 24 февраля 2019 года.

Онлайн-голосование продлится с 25 февраля по 5 марта 2019 года включительно. Победительницы получают дипломы и ценные подарки.



### Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

*Құпиялылыққа кепілдік беріледі.  
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі*

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

**Меншік иесі:** «Ембімұнайгаз» АҚ

**Шығарушы:** қоғаммен байланыс қызметі

**Бас редактор:** А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

**Редакцияның мекен-жайы:** Атырау қ. Ш.Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі**

**мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

**Редакциялық кеңес:**

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Айболат ГАБДУЛЛИН - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Қайрат ӘДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

**Баспахана:** «Print House Gerona» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

## Коллеги!

По поводу случившихся или предполагаемых фактов хищений, мошенничества и коррупции и нарушения служебной этики можете обратиться:

Сайт: [www.sk.deloitte-hotline.com](http://www.sk.deloitte-hotline.com)

Телефон: 8 (800) 080 19 94

Почта: [sk.hotline@deloitte.kz](mailto:sk.hotline@deloitte.kz)

## Әріптестер!

Ұрлық, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық немесе қызметтік этика ережелерін бұзу фактілерінің орын алуы немесе болу мүмкіндігі туралы мәлім болса, төмендегі байланыс деректері бойынша хабарлай аласыздар:

Сайт: [www.sk.deloitte-hotline.com](http://www.sk.deloitte-hotline.com)

Телефон: 8 (800) 080 19 94

Пошта: [sk.hotline@deloitte.kz](mailto:sk.hotline@deloitte.kz)